



ҚР Оқу- ағарту министрлігімен келісілген, 31.01.2023 ж

Қазақ тілінде оқылатын орта білім беру ұйымдарының әлеуметтік педагогтарына арналған «Әлеуметтік педагогтің жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісіндегі практикалық қызметі» атты мамандардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта мектептің әлеуметтік педагогтердің біліктілігін арттыру курсының «**Әлеуметтік педагогтің жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісіндегі практикалық қызметі**» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама) қазақ тілінде оқытатын жалпы орта білім беру ұйымындағы әлеуметтік педагогтардың біліктілігін арттыруға арналған.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - ҚР) орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету және әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігі әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық және практикалық даярлықтың бірлігін, оның кәсіби біліктілігін сипаттайды.

2. Глоссарий

Әлеуметтік адаптация – адамның қоғамда қалыптасқан мақсаттар мен құндылықтарды, қалыптар мен іс-қимыл стилін қабылдап, әлеуметтік ортаға (өмірлік іс-әрекеттік ортаға) белсенді бейімделуі.

Әлеуметтік-педагогикалық құзіреттілік - басқа адамдармен өзара әрекетте өзінің әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруда; жанұяны нығайтуда, жанұяаралық қарым-қатынаста және өз балаларын тәрбиелеуде; басқа адамдармен жұмыста кәсіби іс-әрекеттегі ақпараттылық және қабілеттілік.

Әлеуметтік құзірет - адамға қоғамдағы қалыптар мен өмір ережелерін дәл орындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдылар (міндеттер).

Әлеуметтік инфантилизм – баланың әлеуметтендіру үдерісінде білінген, оның әлеуметтік және тәрбиесінде көрініс тапқан әлеуметтік даму жетімсіздігі. Баланың дамуындағы ауытқушылықтар, оның тәрбиесіндегі кемшіліктер, өзің-өзі жетілдірудегі өз белсенділігінің төмендігі себепкер болады.

Әлеуметтік – медико – психолого – педагогикалық консилиум - әлеуметтік бейімделген баланы жан - жақты диагностикалау қорытындыларын талқылау мақсатында әлеуметтік оңалту жолдарына байланысты жалпы айқындаманы шығару.

Әлеуметтік-педагогикалық диагноз - әлеуметтік дамудың индивидуалдық ерекшеліктерін, адамның қалыптасуын, оның қарым-қатынасындағы, іс-қылықтарындағы, әрекетіндегі тұлғалық сипатын анықтау.

Әлеуметтік кеңістікте тұлғаны әлеуметтендіруді жүзеге асыру – бір әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа ауысуда баланың бүкіл өмір салаларын мойындап, қазіргі мәдениеттің жоғары жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыт беретін ортақ әлеуметтік кеңістік.

Әлеуметтік қорғау – халықтың жеке топтарының құқықтық және экономикалық мәртебесінде туындайтын әлеуметтік қайшылықтарды барынша азайтуға бағытталған қоғамның тұрақтандыру жөніндегі реттеуші жүйесі. Мемлекет өз азаматтарын қалыптағы өмірдегі қауіп-қатерге әкелетін ауру, жұмыссыздық, асыраушының өлімі, қарттық, мүгедектік сияқты жәйттерден әлеуметтік тұрғыдан қорғайды.

Әлеуметтік қорғалу – қоғамның әрбір мүшесіне оның маңызды әлеуметтік-экономикалық құқықтарын, оның ішінде қалыпты халықтың ұдайы өсуін қамтамасыз ету құқығын іске асыруды қамтамасыз ететін әлеуметтік және заңдық кепілдіктер жиынтығы.

Әлеуметтік қолдау – өмірлік сұраныстарын қанағаттандыруда көмек қажет ететін қоғамдағы «әлсіз» топтардың, жеке отбасыларының, балалардың талапқа сай өмір сүруді орнату және қолдауға, олардың өмірлік өзін-өзі анықтауына көмек көрсетуге бағытталған арнайы әлеуметтік шаралар кешені.

Әлеуметтік - психологиялық тренинг – мүгедектердің коммуниктивтік қабілеттерін, рефлексдерін, дағдыларын өзін және айналасындағыларын сәйкес теңбе-тең қабылдай алу білігін дамыту бағытында, тұлғаны дамыту мақсатында және топтық қарым-қатынастарды жетілдіру үшін топшілік өзара әрекеттерді арнайы әдістеме арқылы ұйымдастыру.

Кәмелетке толмағандарға арналған әлеуметтік-реабилитациялық орталық – қала немесе аудан аумағында қауіп-қатер тобындағы балалар мен мінезінде ауытқушылық бар және әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік бейімделгіш емес балалармен алдын ала сақтандыру және олардың құқығын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізетін кәдімгі амбулаториялық типтегі арнайы балалар мекемесі құрылымында стационарлық бөлім де немесе жетімханада болуы мүмкін. Әлеуметтік бейімделмеген балдарды және жасөспірімдерді қайта қалпына келтіру мақсатында орталық олармен диагностикалық, сауықтыру, түзету және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізеді, оларда танымдық, еңбек, ойын, денешынықтару әрекетіне тартады. Орталық өз жұмысында тәрбиеленушілердің отбастарымен, мектептермен және басқа оқу-тәрбие мекемелерімен өзара әрекет жасайды.

Әлеуметтік ауытқулар – ұқсас әлеуметтік жағдайларда белгілі бір бұқаралық, тұрақтылық және пара алушылықпен сипатталатын әлеуметтік

нормаларды бұзушылық. леуметтік нормадан ауытқулар нақты өмірлік жағдаятпен әлеуметтік нормалар (белгілі бір тәртіпті қолдаушылар немесе тиым салушылар) арасындағы қайшылықпен шартты байланыста, өйткені оларды жеке адам тұрғысынан басқа жолмен шешілмейтіндей болады.

Әлеуметтік тәртіп – әлеуметтік өмір аясындағы адамдардың бір қалыпты әрекеті немесе мінез-құлқының жалпы нобай үлгілері.Әлеуметтік тәртіп болуы әлеуметтік өмірдің және оның үнемі дамуын белгілеп отыруды қамтамасыз етеді.

Жанұялық әлеуметтендірілмеу – жанұяның әлеуметтендіру қызметін орындамауы, яғни оның мүшелері қоғам өмірінің жағдайларына, әлеуметтік ережелерді орындауға қоғамдық жүйеде нақты орынға иеленуге бейімделуі.

Қосымша білім берудің әлеуметтік педагогы – қызметтік міндеттеріне, баланы дамыту, тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу бағытындағы осы мекемелердің мүмкіндіктерін пайдалану жататын қосымша білім беру мекемесінің маманы.

Түзету мекемесіндегі әлеуметтік педагог – түзету мекемелерінің тәрбиеленушілерімен және олардың ата-аналарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастырушы маман. Оның әрекеті тәрбиеленушілерді қайта тәрбиелеудің (түзетудің) тиімділігін қамтамасыз ететін тәрбие әрекеті жүйесінің қалыптасуына, мұғалімдердің, тәрбиешілердің және мекеме қызметкерлерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін үйлестіруге, мекемеден шыққан кейінгі уақытта тәрбиеленушілердің өзін өзі анықтау ісіне даярлауға бағытталған.

Арнайы білім беру мекемелерінің әлеуметтік педагогы – арнайы білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілерімен және олардың ата-аналарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс ұйымдастыратын маман. Оның қызметі оқушылардың оқудан тыс әрекетін, олардың тынығуын, жеке түзетушілік дамуы мен тәрбиесіне қолдауды ұйымдастыру, ата-аналарды балалармен тәрбие жұмысына жұмылдыру, әр түрлі санаттағы мұғалімдер мен ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін үйлестіру.

Түзету (реабилитациялық) мекеменің әлеуметтік педагогы – мекемедегі тәрбиеленушілермен және олардың ата-аналарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастыратын маман. Оның әрекеті тәрбиеленушілердің оқудан тыс әрекетін, тынығуын,ата-аналармен жеке, әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға, ата-аналарды өз балаларымен бағытты әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жасауға жұмылдыруға, мұғалімдер мен ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін үйлестіруге бағытталған.

3. Бағдарлама тақырыптары

I – Модуль. «Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-	1.1 Мемлекеттің әлеуметтік саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық заңнама және әлеуметтік педагогтың кәсіби әрекетіндегі құжаттау үрдісі
--	--

<p>педагогикалық және нормативтік аспектілері</p>	<p>1.2 Жалпы орта білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеті және аттестаттаудың мәні</p>
<p>II-модуль. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру</p> <p>Әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетінде ұйымдастырушылық-басқарушылық кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.</p>	<p>2.1 Жалпы орта білім беру және әлеуметтік-педагогикалық ортаны жобалау</p> <p>2.2 Әлеуметтік педагогтың кәсіби әрекетіндегі құжаттау үрдісі</p> <p>2.3 Әлеуметтік-педагогикалық диагностика әдістері</p> <p>2.4 Әлеуметтік-педагогикалық технологиялардың сипаттамасы. Денсаулық сақтау технологиялары</p> <p>2.5 Дарынды балалармен де әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жолдары</p> <p>2.6 Әр түрлі санаттағы балалармен жұмыс жасау технологиялары: («Тәуекел тобы» балаларымен, «көше және панасыз қалған балаларымен, ауыр өмірлік жағдайларға тап болған балалармен, ғаламторға тәуелді балалармен, қараусыз қалған балаларымен, суицидтік мінез-құлықтағы балалармен, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен)</p> <p>2.7 Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен әлеуметтік жұмыс жасау технологиялары</p> <p>2.8 Отбасымен жұмыс жасау технологиялары Отбасында баланың құқығын әлеуметтік-педагогикалық қорғау</p> <p>2.9 Отбасылық зорлық -зомбылықтың алдын алу жолдары</p> <p>2.10 Әлеуметтік-алдын алу – балалар мен жасөспірімдердің ауытқушы (девианттық) мінез-құлқы мен қылмыстық (делинквенттік) мінез-құлықты ескерту бойынша алдын алу шаралары</p> <p>2.11 Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттегі баланың құқығын сақтау</p>

	<p>2.12 Оңалту қызметі түзету, арнайы мекемелерден шыққан тұлғаларға, әртүрлі себептерге сәйкес (науқас, мүгедектік, нашақорлық, бас бостандығынан айрылу, күйзеліске ұшырау және т.б.) әлеуметтік дезадаптацияның әртүрлі формаларын тудыратын қоғам, отбасы, басқа да қатынастар жүйесінде әлеуметтік-экономикалық, кәсіби және т.б. қиыншылықтарды басынан өткізген тұлғаларға әлеуметтік-педагогикалық оңалту бойынша шаралар жүйесін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері</p> <p>2.13 Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту технологиялары</p> <p>2.14 Курс тыңдаушыларында қалыптасқан кәсіби күзіреттіліктерін анықтау</p>
<p>3-модуль. Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту</p> <p>Әлеуметтік педагогтарға, мұғалімдерге, ата-аналарға арналған әлеуметтік-педагогикалық қолдау бағдарламалары, ақпараттық-әдістемелік материалдар</p>	<p>3.1 Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстар мен виртуалды зертханалар (бейнересурс каналдары «Өрлеу» в YouTube, Bilim Land т.б.) Egov парталы мен «Күнделік» автоматты ақпараттық жүйемен жұмыс</p> <p>3.2 STEM-технологиясының білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ролі</p> <p>3.3 Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу.</p> <p>3.4 Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау, GoogleClassRoom платформасы арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын меңгеру, www.canva.com.</p>
<p>4-модуль. Вариативтік мазмұн</p>	<p>4.1 Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау. Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау.</p> <p>4.2 Әр түрлі санаттағы топ балаларымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс (жобаны қорғау) мен тестілеуге дайындық</p>